Назарбаев Университетінің Репозиторийі (НУР) туралы жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар

Негізгі сұрақтар

1. Назарбаев Университетінің Репозиторийі (НУР) дегеніміз не?
2. Ашық қолжетімділіктің артықшылықтары қандай?
3. НУР жайында сұрақтар пайда болғанда кіммен байланыс орната аламын?

Меншік құқығы, авторлық құқықтар мен рұқсат беру

1. Кімдер НУР - ға құжаттарды жариялай алады?
2. НУР - ға қосылмас бұрын жасалған құжаттарды жариялай аламын ба? Мен НУ-дан жұмыстан кеткенімде менің НУР-дың құрамына кіретін құжаттарымның жағдайы қандай болмақ?
3. Мен жарияланған жұмысты НУР - де орналастыра аламын ба?
4. Менің жұмыстарым жарияланған жағдайда менің авторлық құқықтарым НУР-ге ауыса ма?
5. Creative Commons дегеніміз не? Creative Commons лицензиясы НУР-дың лицензиясынан қалай ерекшеленеді?
6. НУР-дың құрамына кіретін менің құжаттарыма қолжетімділікті мен шектей аламын ба?

НУР-ға жұмысты жариялау

1. Өз жұмысымды НУР - ға қандай әдіспен тіркей аламын?
2. Құжаттарды НУР - ға жүктеу үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету қажет пе?
3. Сандық файлдардың қандай түрлері қабылданады?
4. Осы Саясат құжаттардың қандай түрлерін қамтиды?
5. НУР менің қағаз түріндегі құжаттарымды сандық нысанда сканерлей ала ма?
6. Егер мен кейіннен НУ Репозиторийінен өз құжаттарымды алып тастағым келсе, не болмақ?
7. Деректер қорында бар құжаттарды НУР-ға тапсыра аламын ба?

НУР-да сақталатын материалдарды пайдалану, іздеу және көру

1. НУР-дегі құжаттарды кімдер көре алады?

2. **НУР құжаттарын толық мәтінді іздеуді жүзеге асыруға болады ма?**

3. **НУР-дың құрамына кіретін құжаттар Google-дегі іздеу нәтижелерінде көріне ме?**

НУР-ды ұйымдастыру

1. **Қоғамдастық пен коллекцияның арасында қандай айырмашылық бар?**

2. **Мен қоғамдастықтың немесе коллекцияның атауын, логотипін немесе сипаттамасын құрылғаннан кейін өзгерте аламын ба?**

Негізгі сұрақтар

1. Назарбаев Университетінің Репозиторийі (НУР) дегеніміз не?

Назарбаев Университетінің Репозиторийі Назарбаев Университеті академиялық қоғамдастығының ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен зияткерлік өнімдерін жинауға, сақтау және оларға ашық қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған институционалдық электронды мұрағат болып табылады.

НУР Универститеттің сандық материалдарын сақтауға, индекстеуге, таратуға және сақталуын қамтамасыз етуге арналған.

НУР DSpace бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланады. DSpace туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: **http://www.dspace.org/**

2. Ашық қолжетімділіктің артықшылықтары қандай?

Ашық қолжетімділік барлық қатысушыларға ғылыми ақпараттық өзара әрекеттесу артықшылықтарын ұсынады. Жарияланымдарға еркін қолжетімділікті ұсыну **авторлар** жарияланымдарының көрінуін арттырады және ғылыми зерттеулерге сілтеме жасалуын және әсерін арттыруға әкелуі мүмкін. Ғылыми зерттеулердің әсері гранттық қаржы алу, қызмет мерзімі, жұмысқа қабылдау және қызмет бабымен жоғарылау үшін маңызды фактор болып табылады. Оқырмандар Репозиторийге кіретін құжаттарды тек кітапхананың веб-сайтында ғана емес, сондай-ақ Google платформасы арқылы да тауып ала алады.

Ашық қолжетімділік оқытушы-профессорлар құрамы мен зерттеушілердің ғылыми зерттеулері мен қызметін ілгерілету жолымен **Назарбаев Университетінің** халықаралық рейтингін арттырады. Университеттің **Webometrics** жобасына қатысуы бұған септігін тигізетін болады.

Кітапхананың электрондық ғылыми ақпаратпен толықтырылып отыруы оның артықшылығын көрсетеді.

Күллі әлем бойынша зерттеушілердің, студенттердің, оқытушылар мен басқа да пайдаланушылардың артықшылығы ақпаратқа және білімге деген қолжетімділігінің артуында.

Баспагерлердің артықшылығы өздерінің мақалалары мен жарияланымдарының жариялы болуын арттыруда.

3. **НУР жайында сұрақтар пайда болған жағдайда, кіммен байланыс орната аламын?**

Сіз НУР-дың үйлестірушісі Толқын Жанғұловаға (7 (7172) 709 244 телефоны немесе **tolkyn.jangulova@nu.edu.kz** электрондық поштасы бойынша) НУР-ға қатысты кез келген сұрақтар бойынша хабарласа аласыз.

Беттің бас жағына оралу

Меншік құқығы, авторлық құқықтар және рұқсат беру

1. **Кімдер НУР-да құжаттарды жариялай алады?**

Назарбаев Университеті және оның ұйымдарының кез келген тұлғалары немесе тұлғалар тобы өзінің құжаттарын Репозиторийге тапсыра алады.

НУ-ға қатысты емес басқа авторлармен бірге жазылған құжаттар да авторлардың кем дегенде біреуі НУ-ға қатысы болып және тапсыратын тұлға материалға деген құқықтарға ие болғанда қабылданады.

2. **Мен НУ - ға қосылғанға дейін жасалған құжаттарды НУР-да жариялай аламын ба? Егер мен НУ-дан жұмыстан шығып кетсем, НУР-дың құрамына кіретін құжаттардың жағдайы қандай болмақ?**

Сіз НУ-ға қосылғанға дейін жасалған құжаттарыңызды оларға тиісті құқықтарыңыз болған жағдайда тапсыра аласыз. НУР сіздің тапсырылған құжаттарыңызды алып тастамайды. Сіз кеткеніңізде құжаттарыңыз Репозиторийде сақталады. Сіз НУР-мен кеңеспей-ақ, оларды басқа репозиторийге немесе басқа сайтқа салуыңызға болады.

3. Мен жарияланған жұмысты НУР-да орналастыра аламын ба?

Түпнұсқалары жалпыға қолжетімді болып жарияланған, цирфрленген жұмыстар сөзсіз Репозиторийге енгізілуі мүмкін.

Қалған жағдайларда, Сіз жұмысыңызды жазып, бірақ Сіздің баспагермен авторлық құқықтарды беру туралы келісімге қол қойғаныңызда мынадай ережелер қолданылады:

Кітаптарға қатысты: егер сіздің кітапты басып шығарушымен жасасқан шартта кітап баспадан шыққаннан кейін авторлық құқық Сізге қайта ауысады деген тармақ болса, онда Сізде кітапты НУР-ға тапсыруға құқығыңыз жеткілікті болады.

Журналдық мақалаларға қатысты: көптеген баспагерлер НУР сияқты репозиторийге PDF форматында бір немесе бірнеше алдын ала дайындалған жарияланымдарды (алдын ала рецензияланатын нұсқа), баспадан кейінгі жарияланымдарды (рецензиялаудан және редакторлаудан кейінгі жұмыстың соңғы нұсқасы) немесе баспагердің нұсқаларын орналастыруға рұқсат береді.

Рұқсат берілгені туралы ақпаратты алу үшін, біріншіден, баспа саясатының **SHERPA/ROMEO** деректер қорында іздеуді жүзеге асыру қажет. Бұдан әрі баспагердің саясаты немесе жариялауға деген стандарттық келісімдер орналастырылатын баспагердің веб-сайтында іздеуге болады.

4. Менің жұмыстарым жарияланған жағдайда авторлық құқықтарым НУР-ға ауыса ма?

Жоқ. НУР лицензиясы *ерекше емес*, бұл сіздің НУР-ға өзіңіздің мынадай стандартты әрекеттеріңізді орындауға рұқсат беретіңізді білдіреді: жұмыстардың сақталуын қамтамасыз ету және оларды көрсету, бұл ретте сіз сол әрекеттерді орындауда өзіңіздің қандай да бір құқықтарыңыздан бас тартпайсыз.

НУР сіздің өз жұмысыңызға қатысты әрекеттеріңізге шектеулер қоймайды.

5. Creative Commons дегеніміз не? Creative Commons лицензиясы НУР-дың лицензиясынан қалай ерекшеленеді?

Creative Commons лицензиясының көмегімен Сіз соңғы пайдаланушыларға өз жұмысыңызды белгілі бір мақсаттарда және белгілі бір жағдайларда сіздің

сол жұмысқа құқықтарыңызға зиян келтірмей, пайдалануына рұқсат бере аласыз. Лицензия оқытушылар мен ғалымдар үшін өте қажет, олар басқа оқытушылар мен ғалымдарға өздерінің жұмыстарын жалықтыратын қосымша рұқсаттарды іздестіру үдерісісіз пайдалануға рұқсат бере алады.

Creative Commons лицензиясын алу міндетті емес. Creative Commons лицензиясын алу үдерісін өткізіп жіберу үшін осы кезеңде жай ғана «Creative Commons («Skip Cretive Commons») лицензиялау үдерісін өткізіп жіберу» батырмасын басыңыз. Бұл лицензиясыз сіздің жұмысыңыз авторлық құқықты қорғаудың қарапайым тәсілімен қорғалады.

Creative Commons лицензиясы НУР лицензиясын алмастырмайды. Creative Commons лицензиясы сіз бен (жұмысты жариялайтын тұлға ретінде) сіздің жұмысыңызды НУР-дан жүктеушінің арасындағы келісім болып табылады. НУР лицензиясы сіз бен Назарбаев Университетінің арасындағы келісімді білдіреді және Creative Commons лицензиясы қамтымайтын іс-әрекеттерді (мысалы, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Сіздің сандық файлдарыңызды түрлендіру) қамтиды. НУР лицензиясын алу – міндетті шара болып табылады.

6. НУР-дың құрамына кіретін менің құжаттарыма қолжетімділікті мен шектей аламын ба?

Біз Сізге **міндетті түрде** өзіңіздің жұмысыңызға ашық қолжетімділікті **ұсынуыңызға кеңес береміз.** НУР-да сақталатын құжат туралы сипаттамалық ақпаратқа (авторы, атауы, негізгі сөздер және т.б.) қолжетімділікке шектеу қойылмауы тиіс.

Беттің бас жағына оралу

НУР-ға жұмысты жариялау

1. НУР-ға өз жұмысымды қандай әдіспен қоса аламын?

Егер Сіз өз жұмысыңызды НУР-ға әлі қоспаған болсаңыз, сізге жұмысыңызды НУР-дың тиісті коллекциясы(лары)на орналастыруға құқық берілгеніне көз жеткізіңіз. Құжатты орналастыру үшін бізбен (+7 (7172) 709 244 телефоны немесе **tolkyn.jangulova@nu.edu.kz** электрондық поштасы бойынша) хабарласыңыз немесе кері байланысты пайдаланыңыз.

2. **Құжаттарды НУР-ға жүктеу үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету қажет пе?**

Жоқ. Құжаттарды жүктеу үшін веб-браузер ғана қажет.

3. **Сандық файлдардың қандай түрлері қабылданады?**

НУР тәжірибе жүзінде файлдардың кез келген дербес форматын қабылдайды. Бірақ, бұдан әрі Сіздің құжаттарыңызды оқуға және пайдалануға мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін НУР ашық, стандартты, патенттелмеген, кең таралған форматтарды пайдалануды ұсынады. Тиісті файл форматтарына қатысты қандай да бір сұрақтар немесе күмән туындаған жағдайда бізге хабарласыңыздар.

4. **Осы Саясат құжаттардың қандай түрлерін қамтиды?**

Репозиторийде ғылыми мақалалар, баяндамалар, дәрістер мен курстардың бағдарламалары, дипломдық жұмыстар мен диссертациялардың авторефераттары, кітаптар, конференция материалдары және кез келген сандық мәтіндер, карталар, аудиодеректер, суреттер, бейне, тыныстырылымдар, интерактивті мультимедиялық материалдар және басқа ғылыми жұмыстар орналастырылуы мүмкін.

5. **НУР менің қағаз түріндегі құжаттарымды сандық нысанда сканерлей ала ма?**

Иә, бұл үшін Цирфлеу қызметіне хабарласу керек:

Гүлнұр Үсенова, **gulnur.ussenova@nu.edu.kz**

Толқын Жанғұлова, **tolkyn.jangulova@nu.edu.kz**

6. **Егер НУ Репозиторийінен өз құжаттарымды алып тастағым келсе, қандай жағдай болмақ?**

Көптеген жағдайларда құжаттарды алып тастау мүмкін емес. НУР-дың негізгі міндеті – құжаттардың мерзімсіз сақталуын қамтамасыз ету. Назарбаев Университеті Репозиторийде электрондық нысанда жарияланған материалдарды пайдалану құқығын өзіне қалдырады. Репозиторийдегі құжаттар автордың жазбаша өтініші бойынша көпшіліктің қарауынан алынып тасталуы мүмкін, бірақ олар Репозиторийден алынып тасталмайды.

Кейде Репозиториймен жұмыс істегенде қателіктер орын алып, проблема туындауы мүмкін. Бұл жағдайда НУР-дың үйлестірушісімен хабарласыңыз.

7. **Мен қолданыстағы деректер қорында бар құжаттарды НУР-ға тапсыра аламын ба?**

Иә, НУР-ға құжаттарды тапсыру үшін іс-әрекеттердің стандартты реттілігін ұстаныңыз.

Беттің бас жағына оралу

НУР-дағы материалдарды пайдалану, іздеу және қарау

1. **НУР-да орналасқан құжаттарды кімдер қарай алады?**

НУР – бұл ашық мұрағат және сол себептен оның құрамына кіретін құжаттарға бүкіл әлемдік Интернет желісіндегі кез келген пайдаланушы тегін қол жеткізе алады. НУР-дың мақсаты - интернетке қосылған және веб-браузері бар кез келген адамға оның құрамындағы құжаттарды қарауға қолжетімділікті ұсыну.

2. **НУР құжаттарын толық мәтінді іздеуді жүзеге асыруға бола ма?**

Иә, құжаттар содан кейін іздеуге арналған қолжетімді веб-интерфейс арқылы таралады.

3. **НУР-дың құрамына кіретін құжаттар Google-дегі іздеу нәтижелерінде көріне ме?**

Иә. Google платформасы НУР-ды жиі индекстейді, және НУР құрамындағы құжаттар Google Scholar жүйесіне қосылады.

Беттің бас жағына оралу

НУР-ды ұйымдастыру

1. **Қоғамдастық пен коллекцияның арасында қандай айырмашылық бар?**

Қоғамдастық адамдар тобын, мысалы, кампус, кафедра немесе ғылыми-зерттеу бөлімшесі болып табылады. Қоғамдастықтар қосалқы қоғамдастықтар мен коллекцияларды қамтуы мүмкін.

Коллекция *НУР-дың құрамына кіретін құжаттар тобы* болып табылады. Осы деңгейде құжаттарды жариялау құқықтары және жариялау мақсатындағы іс-әрекеттердің реттілігі алу туралы шешімдер қабылданады.

2. Мен қоғамдастықтың немесе коллекциялардың атауын, логотипін немесе сипаттамасын құрылғаннан кейін өзгерте аламын ба?

Сөзсіз! Сіз бұны НУР-дың кері байланыс нысанын толтыру арқылы іске асыра аласыз.

Беттің бас жағына оралу